

«Қарлығаш» бөбекжай – бақшасының МКҚК
қамқоршылық кеңес төрайымына
және кеңес мүшелеріне

Хабарлама

1. Қамқоршылық кеңесінің отырысы 2025 жылғы 29 тамыз сағат 11.30. өткізіледі. Отырысты қамқоршылық кеңесінің төрайымы А. Жолдасова жүргізеді.
2. Тәрбиешілердің жазғы сауықтыру науқанын ұйымдастыру туралы есеп.
3. Мектепке дейінгі ұйымды жаңа оқу жылына дайындау туралы.

Жиналыс төрайымы:



А. Жолдасова

«Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы МКҚК-да өткізілген қамқоршылық кеңес отырысының

Хаттамасы

Ақбастау ауылы

«29» тамыз 2025ж

Қатысқандар :12

Жиналыс төрайымы: Жолдасова А

Хатшы : Тургумбаева А

Күн тәртібінде:

1.Тәрбиешілердің жазғы сауықтыру науқанын ұйымдастыру туралы есеп
Тыңдалды: «Қарлығаш»бөбекжай-бақшасының меңгерушісі:

Турмаханбетова Дана Байгазиевна сөз алды. Жазғы сауықтыру жұмыстары туралы есеп берді.

Мектепке дейінгі мекемеде жазғы сауықтыру жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылды және тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау,балалардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталған.Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын нығайтуға ерекше көңіл бөлінді.Балаларды таза ауада қабылдау, таза ауадағы таңғы жаттығулар,серуен,кимылды ойындар,сергіту сәттері,су процедуралары сияқты сауықтыру шынықтыру жұмыстары күнделікті жүргізілді.Жаз мезгілінде ата-аналармен жұмыс жалғастырылды.Ата-аналарға ақыл-кеңестер берілді,әңгімелер жүргізілді.Шілде,тамыз айларында апталық жұмыс жоспарына сәйкес іс-шаралар өткізілді.Жаз мезгілінде топта мерекелік іс-шаралар аталып өтті.Балалар мен ата-аналар белсене қатысып,мерекеміз ойдағыдай болды.Ата-аналармен ұлттық құндылықтар бойынша әр аптаның бейсенбі күні әжелерімізбен бірге ертегі айтып, балаларымызға ұлттық тәрбие берілді.29шы тамыз Конситуция күні мерекелік іс-шара аталып өтті.Мақсаты: Отанға деген сүйіспеншілігін ояту,ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

2.Мектепке дейінгі ұйымды жаңа оқу жылына дайындау. Жоспар бойынша қамқоршылық кеңесінің отырысы өткізіліп,күн тәртібіндегі жұмыстар талқыланып отырылды.Жиналыста ағымдағы мәселе талқыланды.Балаларға қатысты кеңестер берілді.Жұмыс жоспарының негізінде ата-аналар назарына балабақшаның ішкі тәртібін сақтау

маңыздылығы, балалардың тамақтану ерекшеліктері және азық-түліктердің теңгерімділігін сақтау, күнделікті ас мәзіріне тоқталып өтті. Балабақшаның баланың тамақтануына бір күндік ақысы 500 теңге сол қаражат есебінен айына 1 рет мердігер «Боранбай» азық-түлікті жеткізіп отырады. Таңғы асқа түрлі әрі пайдалы боткалар, түскі асқа дәрумендерге толы салаттар мен бірінші және екінші тамақтар дайындалады. Балаларға күн сайын дәмді әрі пайдалы тамақтар ұсынады.

Жиын соңында қамқоршылық кеңесінің төрайымы кеңес мүшелеріне және балабақша ұжымына ынтымақтастықта жұмыс жасап жатқандықтарына, балаларға көрсетіліп жатқан қамқорлықтары үшін ризашылығын білдіріп, рақметін айтты.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құрамы

1. Анарбаев Бахыт
2. Абдалиев Рамазан
3. Жандаралы Жансая
4. Кәмкебай Әсел
5. Бозтай Анар
6. Құралбеков Азамат
7. Жарылкапова Гульжамиля

Кеңес отырысының шешімі:

1. Жазғы сауықтыру шаралары, жоспары өз деңгейінде жоспарланған деп есептелінсін.
2. Мектепке дейінгі ұйым жаңа оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деп есептелінсін.

Жиналыс төрайымы:



А. Жолдасова

Хатшы:



А. Тургумбаева

